

# ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ – КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТІҢ КІЛТІ

Жаһандану заманында мемлекеттің білім беру саясатында, соның ішінде техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің алдына қойған басты мақсаты – кәсіби мамандарды даярлаудың жаңа моделін қалыптастыру. Себебі орта буын мамандары мен жоғары білікті жұмысшы кадрларды даярлау – еліміздің экономикалық дамуын тұрақты қамтамасыз ететін міндеттердің бірі.

**Е**лбасы, Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Кәсіптік-техникалық және жоғары білім, ең алдымен, ұлттық экономикада ағымдағы және келешектегі мамандар қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталуы керек. Сонымен қатар білікті мамандар даярлауда мемлекет пен бизнестің серіктестігін дамыту қажет», – деген еді.

Еліміздегі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі дәстүрлі әдіс-тәсілдерді қайта қарастыру керектігі анықталды.

Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру үрдісі заманауи нарықтың талаптарына сай болуы керек. Оқыту үрдісін ұйымдастыруда озық шетелдік тәжірибені қолдану, инновациялық технологияларды енгізу, оқыту үрдісін компьютерлендіру сияқты маңызды шаралар түлектердің біліктілік деңгейлерін жоғарылатуға ықпалын тигізбек.

Бұл мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Аталған бағдарлама қазақстандық білім беру үрдісін қоғам мен экономиканың индустриялық-инновациялық дамуына байланысты жетілдіруді көздейді. Сонымен қатар, бағдарламада 2025 жылға қарай мемлекет пен бизнестің арасындағы серіктестікті, дуальды оқытуды дамыту мақсатында бірнеше тапсырма берілген болатын.

**Біріншісі**, дуальды оқыту үрдісін енгізу мақсатында бизнес пен кәсіби қауымдастықты ТЖКБ-ны дамытуға және кадрлар даярлауға белсенді қатыстыру;

**екіншісі**, оқу процессінде Worldskills бағалау жүйесін енгізу;

**үшіншісі**, халықаралық салалық стандарттарды Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына енгізу.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында, сондай-ақ жалпы әлемде де, кәсіптік-техникалық маман иелері және білікті жұмыс кадрлары жетіспейді. Осы мәселені шешу үшін бірқатар жобалар әзірленді. Солардың бірі де бірегейі ол – дуальды оқыту жүйесі. Отандық сарапшылар әлемдік тәжірибені саралай келе, дуальды оқыту жүйесінің тиімділігін жоғары бағалауда. Кәсіби білім саласына біртіндеп білікті мамандар даярлау үшін бизнес пен кәсіби



қауымдастықты ТЖКБ-ді дамытуға және кадрлар даярлауға белсенді тартудың маңыздылығына тоқталды.

Экономикасы дамыған елдер мамандар даярлауда мемлекет пен бизнес арасындағы серіктестіктің, соның ішінде дуальды оқыту жүйесінің тиімділігіне баяғыдан көз жеткізді. Қазақстанда «тәжірибеде бекітілген теория» форматында диплом алу қағидасын енгізу бойынша барлық 16 аймақтағы колледждер базасында (ауыл шаруашылық, көлік, металлургия мен машина құрастыру, мұнай-газ, химиялық өндіріс т.б. салалар) 24 эксперименттік алаң ұйымдастырылды. Өндіріс орындары тарапынан тәжірибеден өту үшін 170 мыңнан жұмыс орны, 5,1 мың орынға оқуға тапсырыс беріліп, жұмыс берушілер есебінен шәкіртақы төленді.

Оқытудың бұл жүйесінің негізгі элементтері елімізде 2012 жылдан бастап енгізілді. Нұр-Сұлтан қаласының Жоғары көлік және коммуникация колледжіде осы жобаға еніп, дуальды оқыту жүйесінің элементтерін енгізу бойынша эксперименттік алаңға айналды.

Осы ретте колледж қандай істер атқаруда, соған қысқаша тоқталсақ.

Колледж бизнес құрылымдарының өкілдерімен мамандар даярлау туралы бағдарламада көрсетілген тапсырмаларды орындауда да үлкен жетістіктерге жетті. 2012 жылдың қараша айында алғашқылар қатарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ және Астана қаласы Көлік және коммуникация колледжі арасында дуальды оқыту жүйесін ұйымдастыру бойынша серіктестік туралы үшжақты келісім жасалды.

Тек соңғы екі жарым жылда, оқу орны 163 (колледж, студент және кәсіпорын) үшжақты келісімшарттар жасады. Барлық келісімшарттар «Атамекен» аймақтық кәсіпкерлік палатасының реестрінде тіркелген. Осылайша студенттердің білім сапасы, кәсіби біліктілігі және жұмысқа орналасу көрсеткіштері жоғарылады.

**Дуальды жүйенің басты ерекшелігі – оқыту үрдісінің басым бөлігі білім беру мекемесінде емес, керісінше, өндіріс орындарында өтеді. Сонымен қатар, оқу жоспарын жұмыс беруші мен оқу**



**орны бірге құрастырады. Жоспарда білім алушының дипломдық жобаға дейінгі бүкіл білім алу траекториясы анықталады. Жұмыс берушілер білім беру мекемелерімен серіктестік орнату арқылы, болашақ мамандардың кәсіптік деңгейін ерте кезден бастап анықтап және кадрлық резервтерге тіркей алады. Оқытудың дуальды жүйесінің басты артықшылығы да сонда – бұл бизнестің, болашақ маман мен мемлекет мүдделерінің тоғысуы.**

Сонымен қатар, дуальды оқыту жүйесі кәсіпорын үшін жұмыскерлерді іріктеу барысында уақытты және оларды қайта даярлауға жұмсалатын қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді. Жұмысқа қабылдау кезінде бизнес өкілдерін түлектердің теориялық білімі емес, ең бастысы олардың кәсіби біліктілігі қызықтырады. Нәтижесінде жұмыс берушілер түлектердің ішінен өздеріне керек маманды таңдап алу мүмкіндігіне ие болады.

Сондай-ақ, дуальды оқыту жүйесі – болашақ мамандардың жұмысқа тез бейімделуіне, яғни социализациядан өтуіне де мол мүмкіндік береді. Оқу орны қабырғасында білім алумен қатар, студенттер өндірістегі атқарған жұмыстары үшін еңбекақы алады. Бұл да өз кезегінде болашақ маман үшін үлкен мотивация. Осы тұрғыдан алғанда дуальды оқыту жүйесі – заман талабы.

Білім беру мекемелері де кәсіпорындармен іскерлік қатынасты дамытуға мүдделі. Себебі олар өндірістегі үрдістердің ағымдағы жағдайы туралы жедел ақпарат алып, сол арқылы білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізуге, әрі арнайы пәндерді жетілдіру мүмкіндігіне ие болады.

**Соңғы жылдары колледж Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдермен халықаралық ынтымақтастық қарым-қатынастарды нығайту**



бағытында белсенді еңбек етуде. Дуальды оқыту және тәжірибе алмасу бойынша Беларусь мемлекетінің «Республикалық кәсіптік білім беру институты» және Е.П.Юшкевич атындағы Минск мемлекеттік темір жол көлігінің кәсіптік-техникалық колледжі сондай-ақ Петербург Мемлекеттік жол қатынастары университетімен ұзақ мерзімге меморандум жасалды.

Петербург Мемлекеттік жол қатынастары университеті жанындағы Темір жол техникумымен 2018 жылдан бері Нұр-Сұлтан қаласы бойынша алғашқы болып екі жақты студенттер мен оқытушылар арасында студенттік мобильдік топ жобасы жүзеге асырылып келеді.

2020 жылы қараша айында жоғары колледж студенттері тұңғыш рет Қазақстан Республикасы атынан үш темір жол мамандығы бойынша Санкт-Петербург қаласында ұйымдастырылған Worldskills Russia – 2020 халықаралық чемпионатына қатысып жүлделі орынмен оралды. Бұл да өз кезегінде дуальды оқытуды дамытуға септігін тигізетіні сөзсіз. Сонымен қатар, жоғары колледж ұжымы республикалық «Жас маман» жобасына қатысып, жеңімпаз атанды. Қазіргі таңда ұжым осы жобаны іске асыру мақсатында үлкен



жұмыстар атқаруда. Мақсат – келешекте оқу орны базасында Құзыреттілік орталығын ашып, дуальды оқытудың ареалын одан әрі кеңейту және темір жол саласындағы мамандарды даярлап қана қоймай, келешекте оларды қайта даярлаудан өткізу.


Тағыда бір қуанарлық және құптарлық қадам – 2021 жылғы Білім және ғылым министрлігінің «Білім туралы» заңға енгізген оң өзгерістері мен жаңалықтары. Нақтырақ айтқанда, бұрын колледждерді бітірген түлектер еңбек өтілі болмағаны үшін жұмысқа орналасуда қиындықтарға тап болатын. Енді, жаңа заңға сәйкес «Еңбек кодексіндегі» еңбек қызметін растайтын құжаттар тізіміне дуальды оқыту туралы шарт енгізіліп отыр. Осы арқылы

студенттердің өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту уақыты ресми түрде еңбек өтіліне кіретін болады.

Сонымен бірге жанбасына шаққандағы қаржыландыру нормаларына да бірқатар тың өзгерістер енгізілді. Нақтырақ айтқанда, практика кезінде студенттерге кететін қосымша шығындар мемлекет тарапынан өтелетін болды және де өндірістен тартылатын тәлімгерлерге төленетін қаржы т.с.с. Осының барлығы да қыруар қаржы мен бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер енгізуді талап етеді.

Қорыта айтқанда, Елбасы, Ұлт лидері Н. Ә. Назарбаевтың «Елімізде алдағы 2-3 жылда дуальды оқытудың ұлттық моделін қалыптастыру керек» деген тапсырмасы ойдағыдай рет-ретімен жүзеге асырылуда. Дана халқымызда «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген қанатты сөз бар. Ендігі жерде осы белгіленген жоспарларды орындау баршамызға үлкен міндеттерді жүктейді.

**З. С. ҒАЙЫПОВ,**  
*Жоғары көлік және коммуникация колледжінің директоры,  
Нұр-Сұлтан қаласы ТЖКББ ұйымдары директорлар кеңесінің төрағасы*



**АННОТАЦИЯ** ○

Дуальное обучение стало привычной практикой в работе учреждений ТипО столицы страны. Об опыте руководимого им Высшего колледжа транспорта и коммуникаций рассказывает Зульфехар Гайыпов.